

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Жакупова Алтынай Жұмабекқызының 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының білім берудегі тенденциялары мен соңғы кезде болып жатқан елеулі өзгерістерді жүзеге асыру тәжірибесінің қазіргі жағдайы, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің дайындығына қатысты жаңа талаптардың қойылуымен Қазақстан Республикасының 2050 даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мектепке дейінгі білім беру саласын дамытуға арналған бағдарламалар мен Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексінде», Қазақстан 2030 тұрақты даму мақсаты сияқты еліміздің мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарында болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі және кәсіби даярлығын дамытуда экологиялық құзыреттілік мәселелері басты міндеттер қатарына қойылған.</p> <p>ҚР Президенті Қ. Тоқаевтің Жолдауындағы «өскелең ұрпақты, мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық құндылықтарды нығайтуға бағытталған, еліміздегі экологиялық проблемаларды жүйелі шешуге арналған және қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін бірыңғай экологиялық саясатты қалыптастыру қажеттілігіне</p>

			<p>тапсырма беруі осы бір мәселенің өзектілігін аша түспек.</p> <p>Мектепке дейінгі экологиялық білім мен тәрбиені ұйымдастырушы педагог – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойы мен санасына әсер етуші негізгі субъект ретінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау барысында студенттердің де экологиялық құзыреттілігін дамыту сапасын арттыру педагогика ғылымы мен практикасындағы көкейкесті мәселелердің қатарында.</p> <p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуға арналған зерттеу жұмысының практикалық мақсатты жүзеге асыру мен нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білімді алу, оны шешу үшін қолдануға бағытталған қолданбалы маңызы бар. Осыған орай, А.Ж.Жакупованың диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық бағыттарының дамуына сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>А.Ж. Жакупованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды? Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-теориялық, әдістемелік жетістіктері мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуына, әсіресе болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауда елеулі үлес болып, саяси-әлеуметтік тұрғыдан экологиялық құзыретті тұлғаны қалыптастыруда білім мазмұнын жаңғыртудың маңыздылығын нақтылап, жұмыстың қазіргі таңдағы әлемдік деңгейдегі өзектілігін көрсете білген.</p> <p>Бірінші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мәселесі жөнінде философтар мен ойшылдардың, отандық, алыс-жақын шетелдік педагог-психологтардың еңбегін терең зерделеу арқылы зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, тұғырлар мен ұстанымдарды тиімді пайдалануы арқылы зерттеу жұмысын ғылыми-әдіснамалық тұрғыда пайымдай білген,</p> <p>Екінші, зерттеу мәселесіне байланысты «экологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен құрылымының нақтылануы арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігінің анықтамасын беріп, өзіндік ғылыми тұжырым жасауы жұмыстың мазмұнын ашудағы өзіндік үлесі.</p> <p>Үшінші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту ерекшелігін жіктей отырып, ұлттық құндылық, өлкетану негіздері, зерттеушілік іс-әрекет, интеграцияланған білім арқылы мүмкіндіктерін негіздеуі мектепке дейінгі ғылым саласы үшін үлкен жетістік болып табылады.</p>
---	---------------------	--	---

			<p>Төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын айқындап, тұғырлар мен ұстанымдарды тиімді пайдалануы жұмыстың ғылыми мәнділігін көрсетеді.</p> <p>Бесінші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы мамандардың экологиялық құзыреттіліктерінің даму динамикасы белгіленген критерийлері мен көрсеткіштері бойынша диагностикалау, мониторинг жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін тексеру арқылы нәтижелерінің дәйектілігі дәлелденген.</p> <p>Алтыншы, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық сауаттылығы, экологиялық мәдениеті мен экологиялық қызметке даярлығын дамыту аясында жүргізілген әдістемелік жұмыстар зерттеудің практикалық мәнділігі болып табылады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Докторант А.Ж. Жакупованың орындалған зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, ғылыми көзқарасын ұсынуды көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігі алынған нәтижелері арқылы ғылымға қосқан үлесімен анықталады. Барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы, жүйелілік құрылымды сақтаған.</p>

4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген;</u></li> <li>2) жартылай негізделген</li> <li>3) негізделмеген</li> </ol>	<p>Әлемдік деңгейде экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға деген қажеттілік пен Қазақстандағы білім беру жүйесін реттейтін құжаттарда, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларында мәселенің қажетті деңгейде көрініс таппауы; Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттіліктерін дамытуға, оларды мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім мен тәрбие беруге даярлауға деген заман талабына сай әлеуметтік және кәсіби қажеттілік, оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткіліксіздігі;</p> <p>Кәсіби жоғары білім беру жүйесінде аталмыш мәселеге жете көңіл бөлінбегендіктен, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған арнайы дайындықтың ұйымдастырылмауы сияқты шешімі табылмаған мәселелердің бар екендігі өзектілігін негіздейді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды;</u></li> <li>2) жартылай айқындайды</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсат-міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеясын көрсетеді.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертацияның мақсаты: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, педагогикалық шарттарын айқындап және</p>

			<p>тәжірибелік-эксперименттен өткізуді орындаумен сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатты нақтылай келе, мектепке дейінгі ұйым педагогінің «экологиялық құзыреттілік» ұғымын нақтылау; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздеу; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау; мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u></p> <p>2) жартылай байланысқан</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдерінің құрылымы мазмұнына сәйкес логикалық бірізділікпен толық, әрі дұрыс байланысқан. Ортақ біртұтастық пен жүйелілік, баяндау логикасы мен алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталып, ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми зерттеу жұмысы қорытындыланып ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p>	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оны дамытудың педагогикалық шарттары; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу; тәжірибелік-эксперимент</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>нәтижелері SPSS сандық математикалық дәлелденуі, осы алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды таңдау, өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдануы арқылы негізделген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Бүгінгі күнге дейін экологиялық құзыреттілікті дамыту мәселесі аясында отандық және шет елдік ғалымдар арасында көптеген іргелі зерттеулер жүргізілген. Докторант А.Ж.Жакупова осы зерттеулерге толық талдау жасап, оны диссертациялық жұмысында негізге алған, теориялық-практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Бірінші нәтиже - жаңа. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілік ұғымын нақтылауда «экологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен құрылымы, мазмұны нақтыланып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігіне анықтама берген. Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негізі жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық және тұлғалық іс-әрекеттік тұғырлары негізделген. Екінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда - маманның өзін-өзі табысты жүзеге асыруын тиімді пайдалану қажеттілігін сипаттайтын мүмкіндіктері мен педагогикалық шарттары айқындалған. Үшінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық</p>

		<p>күзыреттілігін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделі - компоненттері, үш деңгейі (төмен, орта, жоғары) анықталып, оны анықтау критерийлері мен көрсеткіштері берілген, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтастық құрылым ретінде дайындалған.</p> <p>Төртінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту әдістемесі («Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы, «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы дайындалып, оның тәжірибеге енгізілуі зерттеудің практикалық жаңалығы болып саналады.</p>	<p>күзыреттілігін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделі - компоненттері, үш деңгейі (төмен, орта, жоғары) анықталып, оны анықтау критерийлері мен көрсеткіштері берілген, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтастық құрылым ретінде дайындалған.</p> <p>Төртінші нәтиже - жаңа. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту әдістемесі («Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы, «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы дайындалып, оның тәжірибеге енгізілуі зерттеудің практикалық жаңалығы болып саналады.</p>
	<p>5.2 диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)  3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>А.Ж. Жакупованың зерттеу жұмысының мақсат, міндеттерін орындаудағы теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізіндегі тұжырымдары мен қорытындылары жаңа болып табылады:</p> <p>Бірінші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу барысында, экологиялық құзыреттілік ұғымының мән-мағынасы талданып, «экологиялық құзыреттілік» - экологиялық сауаттылық пен мәдениет және экологиялық қызмет ету жүйесіндегі экологиялық бағдарланған саналы тұлға болып табылса, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігі – мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру міндеттерін шешудегі интеграцияланған кәсіби-тұлғалық қабілеті және экологиялық құндылықты-</p>	<p>А.Ж. Жакупованың зерттеу жұмысының мақсат, міндеттерін орындаудағы теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізіндегі тұжырымдары мен қорытындылары жаңа болып табылады:</p> <p>Бірінші, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу барысында, экологиялық құзыреттілік ұғымының мән-мағынасы талданып, «экологиялық құзыреттілік» - экологиялық сауаттылық пен мәдениет және экологиялық қызмет ету жүйесіндегі экологиялық бағдарланған саналы тұлға болып табылса, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігі – мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру міндеттерін шешудегі интеграцияланған кәсіби-тұлғалық қабілеті және экологиялық құндылықты-</p>

		<p>бағдарланған жеке басының көрсеткіштері деп анықталуы жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: өздігінен экологиялық білім алуға ұмтылысы, кәсіби қызметінің ерекшелігіне дайындығы, зерттеушілік іс-әрекетте өзін-өзі дамытуы сипаттайды, оны дамыту мүмкіндіктері: ұлттық құндылық, өлкетану, интеграцияланған білім мен зерттеушілік іс-әрекеттерін тиімді пайдалану қажеттілігінің нақтылануы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Үшіншіден, осы теориялық-әдіснамалық және әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген құрылымға бағдарлану арқылы, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Ол өзара байланысқан жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық, іс-әрекетті тұлғалық тұғырларды қамти отырып, когнитивті-мазмұндық, құндылықты-мотивациялық, іс-әрекетті-практикалық тұрғыдан стандартты емес экологиялық білім беру жағдайында ізденіске даярлайтын өзара байланысқан жиынтық ретінде, жоғары экологиялық мәдениетті және саналы жеке тұлғаны қалыптастыру жаңа болып табылады.</p> <p>Төртінші, мектепке дейінгі ұйым педагогі - мектепке дейінгі экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесіндегі басқарушы тұлғаға ретінде танылып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тәжірибеге енгізілуі толығымен</p>
--	--	--

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)	жаңа деп санаймыз. Автордың ұсынған болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту тақырыбындағы зерттеу мәселесінің кәсіби білім беру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6	Негізгі қортындылардың негізділігі	Барлық қортындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қортындылардың негізділігі теориялық-әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар арқылы, психологиялық және педагогикалық әдебиеттердің талдануымен, зерттеу мазмұнының қойылған мақсат-міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмперикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін SPSS математикалық сандық талдаудың үйлесімімен, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u>	Докторант А.Ж. Жакупованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидат: Бірінші қағида бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігі мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру міндеттерін шешудегі интеграцияланған кәсіби-тұлғалық қабілеті мен экологиялық құндылықты бағдарланған жеке басының көрсеткіші екендігі болашақ

	<p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жок</p>	<p>маманның экологиялық сауаттылығымен, экологиялық мәдениеттілігімен және экологиялық қызметке даярлығымен дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Мектепке дейінгі ұйым мамандарының экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық және психологиялық негізі» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. Алматы.-2019.-№4(64) Б.256-263) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан. Екінші қағида бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: өздігінен экологиялық білім алуға ұмтылысы, кәсіби қызметінің ерекшелігіне дайындығы, зерттеушілік іс-әрекетте өзін-өзі дамытуын сипаттау арқылы қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Кәсіби бағытта экологиялық іс-әрекетке бағдарланған білім беру жүйесі» (OECD studies conference on transformative educational studies. Ankara, Turkey: Iksad Kongre академиялық ұйымы. 19-21march - 2020. P.65-72) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан. Үшінші қағида бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды. Ол өзара байланысқан жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық, іс-әрекетті тұлғалық тұғырларды қамти отырып, когнитивті-мазмұндық, құндылықты-мотивациялық, іс-әрекетті-практикалық тұрғыдан</p>
--	--	---

		<p>стандартты емес экологиялық білім беру жағдайында ізденіске даярлайтын өзара байланысқан жиынтық ретінде, жоғары экологиялық мәдениетті және саналы жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Модель болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда, кәсіби білім беру үдерісінде теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген қағида дәлелденген және тривиалды емес, жаңа, адам мен табиғат қарым-қатынасын тиімді экологиялық іс-әрекетке бағыттауда қолданылу деңгейі кең, «Педагог дошкольной организаций как субъект экологического образования и воспитания» (Международная научно-практическая конференция. «Образование в XXI веке» Москва, РФ: Международный институт профессионального развития педагога. 28-29 февраль - 2020. С.413-420) мақаласында дәлелденген.</p> <p>Төртінші қағида бойынша болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мақсатындағы педагогикалық үдерісте: «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы, «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасын дайындап, оның іске асырылумен дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуда қолдану аясы кең, «National consciousness in Kazakh literature as a means for shaping prospective specialists' ecological culture» (II Uluslarasi Beydağı</p>
--	--	--

			sosyal ve beşeri bilimler kongresi. Malatya, Turkey: Iksad Kongre akademиялық ұйымы. 10-12 nisan-2020. P.68-74, ISPEC Yayınevi-2020) мақаласында дәлелденген.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> 2) жок	Докторант А.Ж. Жакупованың зерттеу әдіснамасын таңдауы диссертациялық жұмысындағы алынған нәтижелердің дұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысына басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар өзара байланысқан жүйелілік, синергетикалық, аксиологиялық, іс-әрекетті тұлғалықты қамти отырып, дидактикалық тұтастық, ұйымдастырушылық (дамытушылық), гуманистік, табиғатпен үйлесімділік ұстанымдарының жиынтығы болып табылады.
		8.2 диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> 2) жок	Зерттеліп отырған мәселеге қатысты зерттеу мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін педагогикалық, психологиялық және экологиялық ғылыми теориялық әдебиеттерге, білім беру бағдарламаларына, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау, сараптау, салыстыру, қорытындылау; эмперикалық әдістер студенттермен әңгімелесу, сұқбаттасу, сауалнама жүргізу, бақылау, тест, тәжірибелік-эксперимент жүргізу; зерттеу нәтижелерін диагностикалау, SPSS математикалық-статистикалық өңдеу және қорытындылау әдістері қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша)	Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымы, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу

		<p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді)</p> <p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p>	<p>тақырыбы бойынша тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері 13 ғылыми еңбекте жарияланған: 1-Scopus ақпараттық базасына кіретін журналда, 3-БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдар, 5-халықаралық конференция материалдарында, 4-шетелдік конференция материалдарында талқыланған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік-эксперименті Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 107 студенті қатысып, оның 56-сы эксперимент тобы, 51-і бақылау тобы болып бөлініп, жүргізілген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 208.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар</p> <p>1) <u>ия</u> 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілік ұғымы нақтыланған;</li> <li>- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың мүмкіндіктері негізделген;</li> <li>- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары анықталған;</li> <li>- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық</li> </ul>

			<p>құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.</li> </ul>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды әдістемелік қамтамасыз етумен сипатталады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту әдістемесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы;</li> <li>- «Экологиялық құзыреттілік» оқу-әдістемелік құралы;</li> <li>- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы аясында «Экологист» экоклуб бағдарламасы кәсіби білім беру үдерісінде қолданылады.</li> </ul>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</li> <li>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу нәтижелерін жүргізіп, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мақсатындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттердің экологиялық құзыреттілігін дамытуды өзекті мәселе ретінде танып, ЖОО-ның даму стратегиясын іске асыруда негізге алу қажет деп берілген ұсынысы толығымен жаңа болып табылады;</li> <li>- жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды оқыту үдерісінде, кәсіби іс-әрекетті меңгертуде әдістемелік тұрғыда қарастырып</li> </ul>

			оқытушылармен арнайы дайындықтар ұйымдастыру қажет деген ұсынысы толығымен жаңа; - зерттеу тақырыбы бойынша мектепке дейінгі ұйым мамандарының үздіксіз педагогикалық практикасында экологиялық құзыреттіліктерін дамытуды толыққанды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік-дидактикалық ресурстық базасын құру деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен ғылыми стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстарды айтуға болады: 1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын нақтырақ тұжырымдағанда ұтымды болар еді. 2. Диссертациялық жұмыста болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту мүмкіндіктері ретінде цифрлық оқыту қорларын құру мен пайдалану тұрғыдағы бағыттары да ашылып көрсетілсе. 3. Диссертация мазмұнында келтірілген болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін білім беруді цифрландыру тұрғысынан

		<p>әлі де болса толықтыра түсуді қажет етеді.</p> <p>4. Диссертация мәтінде кейбір орфографиялық қателіктер кездеседі.</p> <p>Алайда, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, жалпы нәтижелердің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.</p>
--	--	--

**Шешім:** А.Ж. Жакупованың 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Жакупова Алтынай Жұмабекқызының 6D010100 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы,  
Қожа Ахмет Яссауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Инженерия факультеті  
«Компьютерлік ғылымдар» кафедрасының профессоры



*Handwritten signature of K.M. Berkimbayev*

К.М. Беркімбаев

*Handwritten signature of V. Duanberova*  
**РАСТАЙМЫН**  
«20» 06 2022ж.  
*Handwritten signature*